

Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі тобының кейс стадия

2024–2025 оқу жылында мектебіміз NIS SHARE жобасы аясында Іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) жобасына қатысты. Бұл жобаға мектеп директоры, жоба үйлестірушісі және үш пән мұғалімі кіретін команда қатыстырылды. Біз тек осы топ мүшелерімен ғана жұмыс жүргізуді жөн көрдік, өйткені мектебіміз бұл жобаға алғаш рет қатысып отыр. Таңдалған топ мүшелері жобаның әдістерін алдымен өзіміз сынап көріп, тәжірибе жинауды мақсат етті.

Зерттеу жұмысыңызда нені басты назарға алдыңыз? Бұл өзгерді ме? Сізде зерттеу сұрағы болды ма?

Зерттеу жұмысының басты мақсаты мектептегі мұғалімдердің оқу мен оқытуды дамыту болғандықтан мұғалімдердің сабақ беруде кемшіліктері болса, оны дамытуға назар аударылды. Сол себепті 2023-2024 оқу жылында жоспарлы мектеп мұғалімдердің (113) сабағына бақылау нәтижесін талқылау келе, мұғалімдер мен оқушылардың сабақ барысында сұрақ қоюы төмен екендігі анықталды. Нәтижелерді басты назарға ала отырып, зерттеу сұрағанын анықтадық. Бастапқыда біздің зерттеуіміздің бағыты кең ауқымды болды. «How can the use of inquiry-based learning influence students' ability to ask thought-provoking questions and develop critical thinking skills?» Алайда мақалалар мен кітаптарға шолу жасау барысында өте ауқымды екенін. Сұрақ қою техникаларының түрлерінің көп екенін анықтап, олардың тек біреуін ғана таңдауды жөн көрдік. Біз өзіміздің зерттеу сұрағымызды нақтылап, бірнеше рет өзгерту арқылы келесідей етіп тұжырымдадық: Блум таксономиясын (Bloom's Taxonomy) қолдану оқушылардың ой саларлық сұрақтар қоя білуіне және жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытуына қалай әсер етеді?

Неліктен дәл осы мәселені таңдадыңыз?

Сұрақ қою – оқу мен оқыту үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Оқушылардың тақырыпты терең меңгеруі, сыни ойлауы және өз ойын негіздей білуі көбіне олардың қоятын сұрақтарының сапасына байланысты. Біз оқушылардың тек дайын ақпаратты қабылдап қана қоймай, өздері де ой салып, талдауға, бағалауға және жаңа идеялар ұсынуға бағытталуын қаладық. Ол үшін оқушылардың жоғары деңгейлі сұрақтар қоя білу дағдысын дамыту маңызды. Сондықтан біз зерттеуімізде Блум таксономиясына сүйене отырып, сұрақ қою дағдылары арқылы оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау қабілеттерін қалыптастыруға назар аудардық.

Бұл саланы зерттеу үшін не істедіңіз?

Таңдалынған зерттеу сұрағымен жұмыс жасау үшін топта жылдық жоспарлау, деректер жинау, талдау және рефлексия кезеңдерінен тұратын құрылымдалған әрекеттік зерттеу циклін қолдандық. Біздің әдістемеміз аралас әдістерге негізделді (**mixed-methods approach**). Біз келесілерді жүргіздік:

- Мұғалімдер мен оқушылардың бастапқы сұрақ қою стратегияларын бағалау үшін алдын ала сауалнамалар
- Пәндер аясында (математика, жаратылыстану, гуманитарлық пәндер) сабақ бақылаулары

Апта сайынғы кездесулер мен ортақ онлайн құжаттар бізге жұмысты үйлестіруге, ілгерілеуді бақылауға және алынған нәтижелер бойынша рефлексия жүргізуге көмектесті.

Бақылау және басқа да әдістер арқылы сіз оқу, оқушылар және олардың ортасы туралы не білдіңіз деп ойлайсыз?

Бұл үдеріс біздің сабақтағы тәжірибемізге қатысты маңызды түсініктерді ашты. Ең алдымен, Блум таксономиясының жоғары деңгейлі сұрақтарын қолдану оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына және сыни ойлау дағдыларының дамуына оң ықпал етті. Бастапқы кезеңде оқушылар талдау, бағалау сияқты күрделі деңгейдегі сұрақтарға жауап беруде қиындықтар сезінді. Дегенмен, тірек сөздер мен бағытталған тапсырмалар арқылы жүргізілген жүйелі жұмыстар нәтижесінде уақыт өте келе олардың жауаптарында елеулі ілгерілеушілік байқалды. Сабақ барысында оқушыларға Блум таксономиясының деңгейлеріне сәйкес сұрақтарды құрастырудың кілтті сөздері үйретілді. Бұл әдіс олардың өз ойын нақты, сенімді жеткізуіне көмектесті. Көп ұзамай, оқушылар өз пікірін еркін білдіре бастады және өзіндік көзқарасы бар тұлға ретінде сезінуі артты. Аталған нәтижелер бізге болашақ сабақтарды жоспарлауда сұрақ қою стратегияларын жүйелі және мақсатты түрде қолдану қажеттігін ұғындырды. Бұл зерттеу мұғалімдердің де өз сабағына жаңаша қарап, оқушы белсенділігін арттырудың тиімді жолдарын іздестіруіне түрткі болды.

Бұл сіз үшін оқу, оқушылар, мұғалімдер мен мектеп туралы қандай сұрақтар туындатты?

- Блум таксономиясын барлық пәндер бойынша оқыту тәжірибесіне тереңірек қалай енгізуге болады?
- Қазіргі жобалық цикл аяқталғаннан кейін зерттеу мәдениетін қалай тұрақты етуге болады?
- Мұғалімдердің сұрақ қою дағдыларын тиімді қолдануы үшін қандай кәсіби даму қажет?

Сонымен қатар, біз үдерісімізге оқушыларды бастапқы кезеңнен қатыстырудың маңыздылығын түсіндік. Оқушылардан құнды кері байланыс алғанымызбен, мұғалімдерден ашық әрі түсінікті байланыс стратегиясы қолдауды күшейтуге көмектесер еді.

Сіз не үйрендіңіз...

Әрекеттік зерттеуді қолдану туралы

Әрекеттік зерттеуге қатысу бізге шынайы класс жағдайында дәлелдер жинаудың күрделілігін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Сауалнамаларды тарату салыстырмалы түрде жеңіл болғанымен, алынған жауаптар терең талдау жасауға жеткіліксіз болды. Мұғалімдердің өз сабақтарында сұрақ қою әдістерін бағалау кезінде өзін асыра бағалау үрдісі байқалды, ал оқушылардың жауаптары көбіне жүйесіз және нақты бағытталмаған болды.

Сабақ бақылауларын ұйымдастыру мен жүйелі өткізу – ең қиын бөлімдердің бірі болды. Бақылау үшін уақыт табу және оны тиісті түрде өткізу мұғалімдер үшін қосымша жүктеме тудырды. Дегенмен, тиімді жол ретінде зерттеуге қатысқан әр мұғалім өз пәндік кафедрасындағы әріптестерінің сабақтарын бақылауға қатысты. Бұл тәсіл бір-бірінің тәжірибесінен үйренуге және бақылау нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік берді.

Біз әртүрлі дереккөздерді — сауалнамалар, бақылаулар, сұхбаттар — біріктіре отырып, оқу үдерісін және оқушылардың танымдық белсенділігін неғұрлым жан-жақты және дәл бағалауға болатынын түсіндік. Сонымен қатар, әрекеттік зерттеудің тиімділігі оны іске асыруға қажетті уақыт, ресурстар және мұғалімдердің белсенді қатысуы алдын ала мұқият жоспарланған жағдайда ғана жоғары болатынына көз жеткіздік.

Көшбасшылық пен топтық ынтымақтастық

Көшбасшылықтың әрекеттік зерттеу жобасының сәтті жүзеге асуына айрықша ықпал ететініне көз жеткіздік. Жобаны басқару барысында кей сәттерде күйзеліс те орын алды, дегенмен біз үлестірілген көшбасшылық моделін қолдану арқылы әрбір команда мүшесіне нақты тапсырмалар мен жауапкершіліктер жүктеуге тырыстық. Бұл тәсіл команданың бірлескен жұмысына оң әсер етті.

Мектеп басшылығының (директор мен директордың орынбасары) белсенді қатысуы жобаның мәртебесін арттырып, мұғалімдер тарапынан сауалнама мен бақылау үдерістеріне кең көлемде қатысуға мотивация берді. Апта сайын ұйымдастырылған кездесулер, әріптестердің бір-бірінің сабақтарына қатысуы және өзара кері байланыс жасау арқылы топтық ынтымақтастық нығая түсті.

Алайда, жобаның бастапқы кезеңінде байқалған жоғары мотивация уақыт өте келе, жұмыс жүктемесінің артуына байланысты бәсеңдей бастады. Осыған орай, болашақта команданы әкімшілік тағайындауы емес, мұғалімдердің жеке қызығушылығы мен ерікті қатысуына негіздеп құру әлдеқайда тиімді болатынын түсіндік. Бұл тәсіл команданың ынтасын ұзақ мерзімге сақтауға ықпал етер еді.

Зерттеу жобасын сәтті жүргізу үшін біз келесі қолайлы жағдайларды жасауға тырыстық:

- Жиналыстар мен сабақ бақылауларға арнайы уақыт бөлу;
- Құжаттармен бөлісу үшін онлайн құралдарды пайдалану;
- Команда мүшелерінің өздерін тыңдалған әрі бағаланған сезінуіне мүмкіндік беретін қолдаушы орта қалыптастыру.

Осы әрекеттерге қарамастан, уақыттың жетіспеушілігі негізгі кедергілердің бірі болып қала берді. Алдағы зерттеу циклдарында бұл мәселені болдырмау үшін жоспарлау кезеңін ерте бастау, рөлдер мен міндеттерді нақтылау, сондай-ақ мектеп әкімшілігінен ресми қолдау сұрау қажеттігін сезіндік.

Мектепте бұл жұмысты жүргізуге қажетті жағдайлар және оларды қалай жасағаныңыз туралы. Қиындықтар мен қолдаушы факторларды да қосыңыз.

Мектепте әрекеттік зерттеуді тиімді жүргізу үшін бірқатар қолайлы жағдайларды қалыптастыру қажет болды. Ең алдымен, жиналыстар мен сабақ бақылауларына арнайы уақыт бөлу маңызды болды. Біз апта сайынғы кездесулер үшін тұрақты уақыт белгілеп, мұғалімдердің бос уақытына икемделуге тырыстық. Сонымен қатар, онлайн құралдарды (құжаттармен бөлісу платформалары және ортақ папкалар) пайдалану — бірлесе жұмыс істеуді жеңілдетті, әсіресе жұмыс кестесінің тығыздығына байланысты кездесулерді өткізу қиын болған жағдайда. Одан бөлек, біз команда мүшелері өз пікірін ашық айтып, қолдау тапқанын сезінетін сенімді, ынтымақтастыққа негізделген орта құруға көңіл бөлдік. Жобаға мектеп басшылығының (директор мен директордың орынбасарының) белсенді қатысуы зерттеудің маңызын арттырып, мұғалімдердің қатысуына деген ынтымақ күшейтті. Алайда, бұл үдерісте бірқатар кедергілерге де тап болдық. Ең басты қиындық — уақыттың жетіспеушілігі. Мұғалімдердің күнделікті жүктемесінің көптігі жобамен тұрақты айналысуға кедергі келтірді. Сонымен қатар, кейбір команда мүшелері жобаны әкімшілік тағайындау арқылы емес, өз еркімен қатыспағандықтан, мотивацияның біртіндеп төмендегені байқалды. Дегенмен, команданың жалпы ынтымақтастығы, үлестірілген көшбасшылық тәсілі және ортақ мақсаттың болуы зерттеудің алға жылжуына үлкен септігін тигізген мүмкіндік тудыратын факторлар болды.

Келесі жолы бұл жұмысты қалай басқаша істер едіңіз?

Бұл тәжірибе арқылы біз болашақта зерттеу процесін қалай жақсартуға болатыны туралы нақты қорытындылар жасадық. Ең алдымен, жобаны оқу жылының басында бастаған дұрыс екенін түсіндік — бұл жоспарлауға, деректер жинауға және нәтижелерді талдауға жеткілікті уақыт береді. Сондай-ақ, команда мүшелерін жеке қызығушылығы мен ерікті қатысуына қарай іріктеу мотивацияны сақтап қалудың тиімді жолы болар еді. Бұдан бөлек, жобаның басында-ақ әр мүше үшін нақты рөлдер мен күтілімдерді анықтап алу қажет. Бұл түсініспеушіліктердің алдын алып, жауапкершілікті тиімді бөлуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жобалық жұмысты мектеп өміріне толық енгізу үшін, сабақ кестесінде арнайы уақыт бөлу туралы мектеп әкімшілігімен ресми келісу қажеттігін де түсіндік.